

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**



БЕКІТЕМІН

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Э.Қ.Идрисова

2023 ж.

«МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ СТАТИСТИКА» ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША

АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ

2022-2023 оқу жылында атқарылған

ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕСЕБІ

Түркістан-2023ж.

АК төрағасы – ф.-м.,ғ.к., доцент К.И.Усманов, АК мүшелері, академиялық персонал –PhD, аға оқытушы Ж.С.Еркишева, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Н.У.Абишов, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Ә.М.Сәсенбі, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Ф.Дадабаева болып 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарын жасап дайындадық. Дайындау барысында АК жұмысын ұйымдастырып, ережелермен таныстырылды.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті «Теориялық және қолданбалы математика» ғылыми орталығының директоры Ә.М.Сәрсенбі мен «КМФ» микро қаржылық ұйымының Түркістан филиалы директоры Н.У.Абишовпен ақылдасып, кадр даярлау нарығындағы талдау жұмыстары жүргізілді.

Ақылдасу барысында «Математика және статистика» бағыты бойынша 6B05449, 7M05426-Математика білім беру бағдарламаларының сапасы мен оқытылатын пәндер бойынша бітіруші түлектерге ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, банк саласы бойынша математиканың қажетті тұстарын меңгеру, алынған ақпаратты синтездей және талдай білу, ақпараттық технологиялар саласында білімі мен іскерлігі, дербес компьютер мен ақпараттық технологиялар, деректер базалары мүмкіндіктерін пайдалану, ақпаратты көрнекі түрде-статистикалық зерттеулердің нәтижелерін ұсыну жұмыстарымен үйрету бұл дағдыларды қалыптастыру туралы қаралды.

Ал Университет түлектерінің моделін әзірлеу жұмыстарына келетін болсақ: Түлектер қауымдастығымен қазіргі таңда бір қатар жұмыстар жүргізіліп жатыр. Сайттарға қою, түлектер бұрышын дайындау мәселесімен айналысып мәліметтер беріліп отырды.

Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру кезінде 2023-2024 оқу жылына ББ жаңартуға ББ пәндерінің жалпы саны өзгереді, Жоғары білім беру бағдарламасының мазмұны үш цикл пәндерінен тұрады – жалпы білім беретін пәндер (бұдан әрі – ЖБП), базалық пәндер (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер. ЖБП циклі міндетті компонент (бұдан әрі – МК), жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) және (немесе) таңдау компоненті (бұдан әрі – ТК) пәндерін қамтиды. БП және бейіндеуші пәндер циклдері ЖК және ТК пәндерін қамтиды. Бакалавриат – кемінде 240 академиялық кредит міндетті түрде меңгерілетін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "бакалавр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі. БП және бейіндеуші пәндер циклі оқу пәндерін, кәсіби практикалардың түрлерін оқуды қамтиды және кемінде 172 академиялық кредитті құрайды делінген осы мәселені толықтай қарап, пәндерді біріктіру мәселесін ақылдасып шешімін қарадық.

Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау үшін пәндерді анықтап олардың күзіреттерін нақтылау жұмыстары жүргізілді. Осы ББ мазмұнына өте көңіл бөлінді. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықтау кәсіби қызметте есептеу жобалау, өндірістік-техникалық, ұйымдастыру жұмыстарын орындауға қабілетті математиканың қолданбалы саласындағы жоғары білікті, бәсекеге қабілетті және еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды даярлау болып табылады.

Жаңартылған және жаңа әзірленген ББ ішкі және сыртқы сараптауға жіберілген. Жаңартылған және жаңа әзірленген ББ паспортын әзірленді, ББ тізілімдемесіне ұсынылды.

Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитін өткізу, Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстарын жинақтау, зерттеу бойынша Магистратура ББ-сын келесі жылға жаңартуға жіберілген, атап көрсетсек:

1. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 2 бұйрығына өзгерістер енгізіліп, қорытынды аттестаттау 12 кредиттен 8 кредитке қысқарды.

2. Сипаттамасы ұқсас және оқыту нәтижелері бар қайталанатын пәндерді жою:

ЖББП ТК-дан 2 пән қысқартылды:

1. Кәсіби цифрлық технологиялар
2. Жобалар және процестерді басқару

БП циклінен ТК-дан 8 пән қысқартылды:

1. Алгебраның қосымша тараулары
2. Математикалық есептерді шешу практикумы
3. Геометрия негіздері
4. Геометриялық салу есептері
5. Математиканы жаңа технологиямен оқыту әдістемесі
6. Олимпиадалық есептерді шешу
7. Геометрияның қосымша тараулары
8. Элементар математиканың қосымша тараулары
9. Есептер шешудің әдістемелік негіздері
10. Математикалық конкурстық есептері
11. Дискретті математика теориясы
12. Дифференциалдық теңдеудің шеттік есептері
13. Математикалық талдаудың таңдамалы тараулары
14. Математикада ақпараттық технологияны қолдану (Maple)
15. Оқытудағы ақпараттық технологиялар қолдану
16. Қаржылық есептеу негіздері

3. Пәннің атауы өзгерді:

1. Математикалық логика – Дискреттік математика және математикалық логика
2. Сызықтық алгебра I – Алгебра I
3. Математикалық талдау IV- Қатарлар теориясы

4. Пәнді бір циклден немесе компоненттен екіншісіне ауыстыру:

БП циклінен ЖК-дан ТК-ға ауысты:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері
2. Нақты талдау

БП циклінен ТК-дан ЖК-ға ауысқан пәндер:

1. Сандар теориясы

2. Комплексті талдау
3. Қолданбалы математиканың қазіргі мәселелері

БЕП циклінен БП ЖК-ға ауысты:

1. Жай дифференциалдық теңдеулер II
2. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика
3. Функционалдық талдау

БП циклінен БЕП цикліне ТК-ға ауысты:

1. Фурье талдау негіздері

БЕП циклінен ЖК-дан ББ цикліне ТК-ға ауысқан пәндер:

1. Математикалық программалау

5. Жаңа пәндер қосылды:

1. Академиялық жазбаға кіріспе
 2. Икемді дағдылар
 3. Алгебра II
 4. Математикалық зерттеулерде ақпараттық технологияны қолдану
 5. Есептеу математикасының негіздері
 6. Вариациялық қисап
 7. Векторлық талдау
 8. Дифференциалдық геометрия
 9. Бүтін функциялар және олардың қолданылулары
 10. Лебег интегралы мен өлшемдер теориясы
 11. Қолданбалы статистика
 12. Сақтандырудың математикалық әдістері
 13. Экономикалық математикалық модельдеу
 14. Операторлар теориясы
6. Оқыту нәтижелері 12 ОН-нан 11 ОН-ге қысқартылып, талапқа сәйкес жинақталып, қайта жазылды.

7. Оқыту нәтижелерін сақтай отырып, кредиттердегі пәннің еңбек сыйымдылығы көлемінің өзгеруі:

3 кредиттен 5 кредитке өзгерген пәндер тізімі:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері
2. Нақты талдау

4 кредиттен 5 кредитке өзгерген пәндер тізімі:

1. Жай дифференциалдық теңдеулер I
2. Жай дифференциалдық теңдеулер II
3. Интегралдық теңдеулер
4. Интегралдық түрлендірулер
5. Фурье талдау негіздері
6. Топология
7. Физика
8. Теориялық механика

6 кредиттен 5 кредитке өзгерген пәндер тізімі:

1. Математикалық физика теңдеулері

5 кредиттен 7 кредитке өзгерген пәндер тізімі:

4. Қолданбалы математиканың қазіргі мәселелері

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ-да оқитын бакалаврлар үшін мүмкіндіктерін талдау мәселесі бойынша Университетте оқу төрт тілде жүргізіледі (қазақ, түрік, ағылшын, орыс), сондықтан төрт тілді меңгеру мүмкіндігі бар. Университет халықаралық және ерекше мәртебеге ие. Әлемнің 19 елінен 41 ұлт пен ұлыс өкілдерінің жастары білім алатын бірден-бір көп ұлтты жоғары оқу орны болып табылады. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетелде бір немесе екі семестр білім алуға мүмкіндігі бар. Әлеуметтік жағдайға байланысты оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер алу мүмкіндігі бар. Оқытушы оқытудың пәндік ерекшеліктеріне байланысты техникалық құралдар қолданудың негізгі принциптерін жетік меңгерумен қатар өзінің ақпараттық компетенттілігін дамытуы тиіс. Ол ең алдымен оқу-тәрбиелік істе оқытудың техникалық құралдар қолданысының ұтымдылығын түсіне алу; сабақ жоспарын жаңа технологиялық талаптарға сай құра білу; интегративті түрде сабақ жоспарына кірістіре алу; техникалық құралдарды студенттің танымдық қажеттілігін өтей алатын және оқытушының өзіндік кәсіби құлшынысына сай түрлерін іріктей алу; қорыта келе оқытушы аталмыш техниканы пайдалану тетіктерін меңгеруі нәтижеге жетелейді. Тек осындай алғышарттардың орындалуы оқытудың техникалық құралдарының әдістемелік және дидактикалық мүмкіншіліктерін ашады.

ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау бойынша 2,8 қосымшаларына орталық кітапханамен келісе отырып тізімге қарай жыл сайын жаңа тізім дайындалып тапсырыс беріліп отырады.

ӨР ББ өзіндік бағалау жүргізу бойынша соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері жақсы көрсеткіш иеленіп келеміз сарапшылардың берген көрсеткіштері 90 пайыздың үстінде. Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері бойынша жұмыстар жүргізілуде байланыстамыз. Жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері өте жақсы, тығыз жұмыс жасаудамыз. Біздің түлектер «Математика және статистика» бағытындағы 6B05449, 7M05426-Математика білім беру бағдарламаларындағы маманның лауазымдарының тізімінде көрсетілген мамандық бойынша біршамасы банк салаларында, көпшілігі математик мамандығы бойынша білім беру ұйымдарында қызмет атқаруда. Сауалнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері жыл сайын жүргізіледі. Барлық тараптан білімгерлер, жұмыс берушілер, түлектер қатысады. Ал түлектердің жұмысқа орналасуы бойынша 90 пайыздайы ББ мен сай келеді.

«Математика және статистика» даярлау бағыты бойынша Академиялық комитеттің жоспар бойынша 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстардың жылдық есебі:

1. АК жұмысы ұйымдастырылып, комитет мүшелері мен кафедраның ОПҚ-ы ережелерімен танысты, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспары әзірленді. «Математика және статистика» даярлау бағытының БББ-ры

бойынша түлектер моделі әзірленді, жұмыстарды жүргізу барысында жұмыс берушілер мен ОПК-ы бірігіп семинарлар мен жиналыстар өткізілді (хаттама 1).

2. Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудиті қараша-желтоқсан айларында жүргізілді. Жұмыс барысында МЖББС-қа өзгерістер енуіне байланысты 6B05449-Математика, 7M05426-Математика БББ-ның мазмұны, негізгі оқу жоспарындағы пәндердің жаңаруы туралы ұсыныстар, өндірістік практикаларының өту барысы және т.б. көптеген мәліметтер қайта қаралып сараптамадан өтті. Жоғары білімді басқарудың бірыңғай жүйесінің реестрінде (<http://esuvo.platonus.kz/>) 6B05449-Математика, 7M05426-Математика білім беру бағдарламаларын жаңарту бойынша жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастырылып, ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау, оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістері және құралдары қайта қаралып талқыланды. Нәтижесінде жұмыс берушілерден ұсыныстар алынып, сараптамалық тұжырымдар, пікірлер, сауалнамалар жинақталды.

3. ББ мазмұнын жобалау мен оқыту стратегиясын анықтау тақырыбына сәйкес 2022-2023 оқу жылында ЖБҒМ-нің ұйымдастыруымен көптеген семинарлар мен тренингтерге академиялық комитет мүшелері жыл бойында қатысты.

4. Жаңартылған 6B05449-Математика, 7M05426-Математика білім беру бағдарламалары ішкі және сыртқы сараптаудан өткізілді. Сыртқы сараптамалық мониторингісін мамандық бейініне қатысты «Математика және математикалық модельдеу» институтының директоры Садыбеков Махмуд Абдысаметович, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің Математика кафедрасының профессоры Иманбаев Нурлан Сайрамович, «Атамекен-Түркістан» Микроқаржы ұйымы ЖШС директоры міндетін атқарушы Туякбаев Бауыржан Усерханович жүргізді.

Сонымен қатар оқу үдерісі барысында адалдық кодексін сақтау мақсатында «Академиялық жазбаға кіріспе» пәні ендірілді. Жұмыс берушілердің ұсынысы бойынша «Қолданбалы статистика» пәні ендірілді.

5. ББ тізілімдемесінде тіркелген 6B05449-Математика, 7M05426-Математика білім беру бағдарламалары ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуі қамтамасыз етілді. ББ ішкі нормативтік талапты орындап, рәсімдеп, қолданыстағы бағдарламалық өнімдер туралы кең толық ақпарат жинап, талдап және осы саладағы барлық жаңалықтарды, жетістіктер мен өзгерістерді бақылап қадағалап ендірілуін қамтамасыз етілді. Жоғары білімді басқарудың бірыңғай жүйесінің реестрінде (<http://esuvo.platonus.kz/>) мәліметтердің енгізілуі үшін барлық құжаттар дайындалды.

6. ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау. Білім алушыларды даярлаудың білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты білімге құндылық бағдарын қалыптастыра отырып, танымдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруды және жан-жақты дамыған, шығармашыл жеке тұлғасын қалыптастыруды көздейді.

7. Әр ББ өзіндік бағалау жүргізу мәселлер қаралып 2023-2024 жаңа оқу жылына 6B05449-Математика білім беру бағдарламасы ОН қолжеткізушілік коэффициенті: **85,72 пайызбен**, 7M05426-Математика білім беру бағдарламасы ОН қолжеткізушілік коэффициенті: **93,21 пайызбен өтті**. Талдау барысында әр ББ өзіндік бағалау жүргізу бойынша соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері жақсы көрсеткіш иеленіп келеміз, сарапшылардың берген көрсеткіштері 90 пайыздың үстінде. Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері бойынша жұмыстар жүргізілуде байланыстамыз.жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері өте жақсы, тығыз жұмыс жасаудамыз. Біздің түлектер біршама облыс департаменттерінде жұмыс атқаруда нәтижесі жақсы шықты. Сауалнамалар (білімгерлердің, жұмысберушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері жыл сайын жүргізілгендіктен, барлық тараптан білімгерлер, жұмысберушілер, түлектер қатысты. Білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелеріне келетін болсақ, контингент қалыпты жағдайға қалыптасты соңғы жылдарға қарайтын болсақ. Ал түлектередің жұмысқа орналасуы бойынша 90 пайыздайы ББ мен сай келеді.

«Математика және статистика» бағыты бойынша Академиялық комитеттің жүргізіп жатқан жұмыстардың үлкен көлемін қорытындылау, сондай-ақ, 6B05449-Математика, 7M05426-Математика білім беру бағдарламаларын дамытудың жай-күйі мен тенденцияларының мазмұнды және көрнекі бейнесін алу үшін төменде SWOT талдауы берілген.

SWOT талдау	
Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1. 6B05449-Математика, 7M05426-Математика білім беру бағдарламалары бойынша оқытылатын пәндердің мазмұны түлек моделінің талаптарына сәйкес келуі; 2. «Математика және статистика» бағыты бойынша кафедра мен жұмыс берушілер арасындағы тығыз жұмыстар жоғары деңгейде орныққан, яғни БББ-ның жасалуына, түлектердің жұмысқа орналасуына, дуальды оқыту үдерісіне және практик мамандардың сабақ беруіне жағдайлар қарастырылған; 3. 6B05449-Математика, 7M05426-Математика білім беру бағдарламалар түлектерінің жұмысқа	1. 6B05449-Математика, 7M05426-Математика білім беру бағдарламалары бойынша қазақша оқулықтар мен оқулықтардың жетіспеушілігі; 1. 6B05449-Математика, 7M05426-Математика білім беру бағдарламалары бойынша академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білімгерлердің аз қамтылуы;

орналасу көрсеткіштерінің жоғары болуы;

4. «Математика және статистика» бағыты бойынша ОПК-ның ғылыми дәрежелігінің жоғары болуы;

5. Жоғары білімді басқарудың бірыңғай жүйесінің реестрінде (<http://esuvo.platonus.kz/>) 6B05449-Математика білім беру бағдарламасы ОН қолжеткізушілік коэффициенті: **85,72 пайызбен**, 7M05426–Математика білім беру бағдарламасы ОН қолжеткізушілік коэффициенті: **93,21 пайызбен өтті.**

Қорытындылай келе, «Математика және статистика» бағыты бойынша Академиялық комитеттің 2022-2023 оқу жылында атқарылған көптеген жұмыстар жоспар бойынша уақытылы жүргізіліп, оқу үдерісіне қажетті барлық іс-құжаттармен қамтамасыз етілген.

«Математика және статистика» бағыты

Академиялық комитет төрағасы:



К.И.Усманов